

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.07. - 21.07.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Таза орындықтар". Мақсат-міндеттер: балаларды топтағы орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүрту; оқу қызметінен кейін, орындарына қою. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін дамыту. Үлкендерге көмектесу ниеттерін, олардың еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Біз ойыншықтарды әдемі жинаймыз". Мақсат-міндеттер: топтағы ойыншықтарды өз бетінше реттеп, ұқыпты жинау біліктіліктерін жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер: балаларды кезекшілік міндеттерін өз бетімен тиянақты, адал орындауға үйрету. Қолды таза жуу, кезекшінің киімін кию, дастарханды дұрыс әзірлеу. Тамақтан кейін ыдысты тазалау. Еңбекке баулу, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Қуыршақтың киімдерін жуу". Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешіге қуыршақтардың киім-кешектері мен төсек жаймаларын жууға көмектесуге үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыш киюді үйрету; жуу және кептіруге қажет арнайы құралдарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау; сабынды қолдана білу. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау біліктіліктерін	"Кітаптарды жөндеу". Мақсат-міндеттер: балаларды кітаптарды желімдеуді, желім мен қайшыны дұрыс қолдануды, майлықтарды пайдалануды үйрету. Еңбек дағдылары мен біліктіліктерін, көзбен мөлшерлеуді, ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қиялдарын дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін, кітаптарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)

				дамыту. Басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	
	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Базарда". Не қалайсың, базарда Барлығы бар, дайын да: Жеміс-жидек, көгөніс, Ет, балық пен сүтіміз. Құрт, ірімшік, қаймақ Барлығыңды	"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіріп, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көгөністерге тиісті адамның еңбегі туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту) "Қайсысы ең	"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды, салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес

	тойдырмақ. Түрлі-түрлі азықтар, Тәттілер мен жармалар. Нан өнімінен бауырсақ, Бәліштер, тоқаш томпақ. Ұсақ-түйектен не қаласаң, Базардан сен табасың. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Көгөністі танып, ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен	кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды) - Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері)	ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр). Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды	арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (қоршаған ортамен таныстыру) Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың көркем сөзіне деген қызығушылықты арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз.	келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар) "Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта,
--	---	--	---	--	---

	жемістердің пайдасын жайлы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары	"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: камшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. - Кімге қарай камшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап,	салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). (танымдық	Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім, Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. (көркем әдебиет)	жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. (көркем әдебиет)
--	---	---	--	---	--

	бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың	қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек. - Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады. - жақын - алыс - үлкен - кішкентай - ұзын - қысқа - қорқақ - батыл - зұлымды - мейірімді /пантомима арқылы көмектесуге болады/ - баяу - жылдам - астыда - үстіде - артында - алдында - биік - аласа - қатты - жұмсақ - ауыр - жеңіл - сол жақта - оң жақта Күрделенуі: жаттығуды	дағдылар)		
--	---	---	-----------	--	--

	еріп жатқаны. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	жылдамдыққа ұйымдастыруға болады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Таңертеңгі жаттығу	Кешенді жаттығу. Балалардың денсаулығын нығайтуға ықпал ету, күнделікті жаттығу әдетін қалыптастыру. Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Белімізді жазайық. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. Дастарханға кел жайғас, Дайын түскі тамағын. "Ас адамның арқауы"- Нан қосып же әрдайым. Ұқыпты бол, тағамға, Дұрыстап іш асықпа. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	Әңгімелесу: "Кезекшілерге арналған	"Көгөністер дүкені - бұл...?" тақырыбына	Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".	Әңгімелесу: "Бақшада не өседі?"

	балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып, шапалақтайсыңдар, "төмен десем" - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кіші болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова.	ережелер". Мақсат-міндеттер: балалардың дастарханды қалай жаю керектігін естеріне түсіру, реттілігін сақтай отырып, тиянақты әрекет етуге үйрету, орындалған жұмыстың өзектілігін талқылау. Кезекшілік барысында қажет еңбек дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеулерін белсендету: көгөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі	Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым себеп-салдар байланысын орнатуға үйрету, оқиғаларды белгілі бір ретпен орналастыру, қалай дұрыс тамақтану керектігі жайлы түсінігіне алып келу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)
--	---	---	--	--	--

	Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдетуге болады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жабайы аңдар, түлкі туралы ертегілер әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегіде кездесетін хайуанаттардың мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде	Құрастырудан ойын-жаттығу "Көгөністерге арналған себет" Мақсат-міндеттер: Балаларды үлгі схема бойынша құрастыруды үйрету; себет салу туралы балалардың ойларын жетілдіру, зейінді және қолдың ұсақ	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Пайдалы көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балаларды қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; таяқтың астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру	Жапсырудан ойын-жаттығу "Көгөністер мен жемістер" Мақсат-міндеттер: Балаларды жемістер мен көгөністердің пішіні мен оларға тән ерекшеліктерді жеткізіп көрсете білуге үйрету; шаршы мен	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балалардың көгөністер туралы білімдерін кеңейту, көгөніс бақшада өседі деген идеяны бекіту; көгөністерді сыртқы түрі

	түлкінің жаман қылықтарын көре білуге жаттықтыру; әңгіме мен ертегіні салыстырып, қайсысы өмірдегі шындыққа жақын екенін ажырата білуге үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.	моторикасын дамыту, сөздік қорын кеңейту, тапсырмаларды орындау кезінде шыдамдылыққа, топта жұмыс істей білу қабілетін. тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Жаңбыр" Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты	дағдыларын дамыту; балаларда аяқтарын алшақ қойып секіру; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан сол бүйірмен алға еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; дене шынықтыру құралдарын пайдалануға ынталандыру.	тік төртбұрышты қағаздан әртүрлі пішіндерді қиып алу дағдыларын қалыптастыру; қосарлап бүктеу тәсілі арқылы заттарды қиюға жаттықтыру; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	бойынша ажырата білуге, оларды атауға үйрету; сөйлеу, ойлауды дамыту; адамдардың жұмысына, олардың еңбек өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	--

		және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бақшадағы көгөністерді бақылау (қияр). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер қиярдың сыртқы пішіні және өсу ерекшеліктерін байқауға, суару ережелерін ескеруге баулу; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін,	Бақшадағы көгөністерді бақылау (сәбіз бен қызылша). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды сәбіз бен қызылшаның сыртқы ерекшеліктерін байқап, салыстырып, ажыратуға бейімдеу; көгөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін,	Бақшадағы көгөністерді бақылау (пияз). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: пиязды өзге көгөністерден ажыратуға дағдыландыру; көгөністердің өсіп, пісуіне жазғы мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін	Бақшадағы көгөністерді бақылау (қызанақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көгөністердің адамның еңбегі	Жазғы бақтағы жұмысты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бақшада көктем, жазда жасалатын еңбек туралы білімді пысықтау; көгөністердің өсіп-өну жүйесін бақылауға бейімдеу; еңбекті құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

	ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Қиярдың түсі ақ тұқымын көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы	ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Сәбіздің ұсақ, қызылшаның кесек тұқымдарын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз) Сәбіз бен қызылшаның суықтан қорықпайтындарына көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту.	бекіту; бақылағыштыққа тәрбиелеу. Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз) Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністер жинаудағы ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: жымдық жұмысқа үйрету; ересектің еңбегін қадірлеуге баулу. "Көгөністерді кім жылдам егеді?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындауға, шығармашылық,	нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Аласа талда алуан алма, Алқызыл болмай аузыңа салма. (Қызанақ) Қызанақтың ұсақ тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап	"Еңбек". Гүл өсірсең, терлеп, Мұның ата - Еңбек. Кесте тіксең, зерлеп, Мұның аты - еңбек. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты - еңбек. Сабағыңа жөндеп Әзірлесең - Еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. Н. Жанаев Педагог пен балалар бақшаны баптауға және күтуге қандай еңбек керектігін әңгімелейді, етістік сөздерді қолданады; мысалы, топырақты қазу, тырнау, өскіндерді отырғызу, тұқымдарды егу, су құйғышпен суару, арам шөпті жұлуды, қопсыту, ұзын сабақтарды байлау, көгөністі жинау.
--	--	--	--	--	---

	екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ бұтақтардан жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге баулу. "Қиярлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру. Құралдары: ішіне жартылай құма салынған 0,5 л	Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. Мақсат-міндеттер: көгөністерді салыстырып, қорытынды жасауға үйрету; көгөністердің өзіне тән ерекшеліктері мен қасиеттері туралы түсініктерін бекіту, олардың өсуі үшін	зейінділік, ұстамдылық танытуға бейімдеу. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға	атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. Еңбек әрекеті: бақшада курап қалған жапырақ, бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекті бағалауға, шыдамдылық пен төзімділікке тәрбиелеу. "Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті	Еңбек әрекеті: көгөністердің курап қалған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: бақшадағы еңбектің маңызды екендігін түсінуге тарту; қарапайым еңбек дағдыларын дамыту. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші
--	--	--	---	---	--

	пластик шөлмектері. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. "Шеңбер" қимыл	қажет құбылыстарды атауға дағдыландыру. Зерттеу. Сәбіз бен қызылша тұқымын анықтау (түсі, көлемі). Бөлме ішінде өсіру үшін қазып алу. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы піскен көгөністерді жинау. Мақсат-міндеттер: көгөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу. "Көгөністерді ата" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты қағып алу біліктілігін	болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.	бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып	бала "аю" болып тағайындалады (өз қалауы немесе санамақ бойынша таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап
--	---	--	--	---	---

	қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: нысананы көздеуді, ептілікті дамыту, халық ойындарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	жетілдіру, көгөніс атауларын бекіту. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу	"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар: "Тастар". Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті, қимыл-қозғалысты дамыту.	тұрады. Ойын қайта басталады. "Өрт сөндірушілер оқу жаттығуларында" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда топтық сезімді дамыту, белгі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындау біліктілігін дамыту, жылдам бір және екі қатарға тұруға жаттықтыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту. "Кім алыс секіреді?" жаттығуы. (дене	алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберлерге бақытты ауыстырып екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті:
--	--	--	---	--	--

		түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде, "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.		шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіруді үйрету. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, дымқыл құммен ойындар. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту.
--	--	--	--	---	---

		"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту.			
Серуеннен оралу	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Асхана құралдарын ұқыпты қолдану біліктілігіне, өтініш айтуға, алғыс білдіруге тәрбиелеу. Дастарханға кел жайғас, Дайын түскі тамағын. "Ас адамның арқауы"- Нан қосып же әрдайым. Ұқыпты бол, тағамға, Дұрыстап іш асықпа. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Логикалық емес байланыстар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды дамыту. Барысы: Баланың алдында әртүрлі заттар бейнелеген карточкалар жатады. Балалармен бірге суретке байланысты сөз табуға байқап көру. Әр ассоциация үшін қажет суретті табу. Бала қиялына ерік беру, шектеу қоймау. Нәтижесінде кішігірім оқиға шығу	"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа тәрбиелеу. Барысы. Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады). Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру	«Бақшаға не егеді?» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды ортақ белгілері бойынша (өсуі, қолданылуы) топтастыруды үйрету; ой ұшқырлығын, есту зейінділігін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Медициналық емхана" Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике	"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді.	"Бір сөзбен ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: біліктілігін жетілдіру ұсынылған үлгілерге жалпылама сөздерді таңдау, жалпылама сөздерді бекіту: көгөністер, жемістер, жидектер, гүлдер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Сұлулық салоны" Мақсат-міндеттер: шаштаразшы

	керек. (танымдық дағдылар) Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Барысы: тәрбиеші алдын-ала балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші,	мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін. Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!",немесе "жер!"- деп айтады. Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы,"от" - өздігінен айналу,"су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік,"жер" - жануардың, жәндік аты. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы: Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы	Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпіркосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. (қоршаған ортамен таныстыру) Театрландырылған	мамандығына деген құрмет пен қызығушылықтарын дамыту, қоғамдық орындардағы әдептілікті, мәдениеттілікті тәрбиелеу. Ойында өзара рөлдік әрекеттесуді орнатуға және рөлдік қатынастарды қабылдауларына ықпал ету. Барысы. Балалар өз қалаулары бойынша, рөлдерді бөліп алады: әйелдер шебері, ерлер шебері, еден жуушы, клиенттер, тырнақ әрлеуші. Келушілер сыртқы киімдерін шешеді, шаштаразшымен әдепті амандасады, шашын қиып беруді өтінеді,
--	---	---	--	---	--

	сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Тәрбиеші балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу	Сюжетті-рөлдік ойын "Кітапхана" Мақсат-міндеттер: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу	көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (аурудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	қойылым "Аққу-қаздар". Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	шаштаразшымен кеңеседі, төлемақы жасайды, қызметтері үшін алғыс айтады. Шаштаразшы басты жуады, кептіреді, тарайды, шашты қияды, шашты бояйды, шаш күтімі бойынша кеңес береді, тырнақ әрлеуші маникюр жасайды. Еден жуушы сыпырады, қолданылған орамалдарды ауыстырады. Тәрбиеші қажет болған жағдайда жұмысты бағыттайды, диалогты сөйлеуді өрбітуге ықпал етеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек
--	--	---	--	--	--

	тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара әсерлерімен бөліседі. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)			дағдылары)
Балалармен жеке жұмыс	Ойын-әңгіме: "Аудармашы". Мақсат-міндеттер: орыс тіліндегі	Ойын жаттығуы: "Менің артымнан қайтала". Мақсат-міндеттер:	Жағдаятты шешу: "Егер сен, құстың ұясын бұзып жатқандарды көрсен	"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер:

	сөздерді бекіту. (сөйлеуді дамыту)	ым-ишара, қимыл-қозғалысты қайталау. (дене шынықтыру)	не істейсің?". Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, табиғатты аялау сезімдерін дамыту. (танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. (танымдық дағдылар)	балалардың көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім, Тәттілерім дастарханның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
--	--	---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес: "Баланы еңбекке баулу".	Ата-аналармен ішек инфекцияларын алдын алу жайлы әңгімелесу.	Медбике кеңесі: "Иммунитетті қалай көтеруге болады?"	Кеңес: "Балалардың зейіндерін дамыту"	"Сіздің баланың қандай ойындар ойнайды?" тақырыбына әңгімелесу.